«6D020600 - Дінтану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған
Алтайқызы Айкерімнің
«Постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені: Қазақстан және АҚШ тәжірибесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми

СЫН-ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Алтайқызы Айкерімнің «Постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені: Қазақстан және АҚШ тәжірибесі» атты диссертациялық жұмысы әлемдегі және елдегі діни саладағы мәселелердің өзегі болып отырған ғылым мен білім тақырыбына арналған.

Соңғы отыз жыл Қазақстан үшін күрделі экономикалық және саяси өзгерістер дәуірі ғана емес, мәдени қайта жаңғыру уақыты. Мәдени бірегейлікті іздену барысында қазақстандық қоғам дәстүр мен дінге де жүгінеді. Сол себепті дәстүрлі дін туралы ақпараттандыру, теріс ғаымдардың алдын алу, діни сауаттылықты артыру арқылы кәсіби және рухани білім беру сияқты мәселелер туындап отыр. Әртүрлі мәдениет, этнос пен конфессия өкілдері тоғысқан мемлекетте діни білім беру жүйесі қандай болу керек деген сұраққа жауап беру басқа полимәдениетті елдердің тәжірибесін зерттеу өзекті болып табылады.

Келешекте зерттеуде қарастырылған сұрақтар жекелеген жұмыстар ретінде жалғасып жатса абзал. Ондай еңбектерді басқа діни тақырыптағы зерттеулерді жүргізу үшін қолданыла алады, білім алушыларға, ізденушілерге, мемлекеттік органдарға тәжірибелік дереккөз бола алады.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Зерттеу жұмысын оқу барысында диссертанттың отандық және шетелдік авторлардың әдебиеттерін кеңінен қолданғанын көруге болады. Бірқатар ортағасырлық түркі ғалымдарының еңбектері де қарастырылған. Жақсы ғылыми сараптамалық жұмыс жасалған. Ізденуші жұмыста қойылған міндеттерді орындау мақсатында жеті ғылыми нәтижеге қол жеткізген:

бірінші нәтижесінде постмодерн кезеңіндегі діни білім берудің әртүрлілік және толеранттық табиғаты анықталған;

екінші нәтижесінде діндарлық пен зайырлылық арасындағы органикалық байланысын онтологиялық жағынан ашу мақсатында діни білім беру феноменін объективті тарихи реконструкциясы жасалған;

үшінші нәтижесінде діни білім берудің дискурстары зерттей отырып діни білім берудегі рухани-өнегелік мазмұны айқындалған;

төртінші нәтижесінде қазақстандық поликонфессионалды қоғамдағы діни білім берудің ерекше сипатын анықтаған;

бесінші нәтижеде Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білім беру тәжірибелеріне салыстырмалы сараптама жасау арқылы постмодернизмдегі діни-ағартушылық үдерістің ерекше және әмбебап дамуы айқындалды;

алтыншы нәтижеде Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білімнің мәртебесі мен ерекшелегін талдау арқылы діни білім беру үдерісі барысындағы дүниетанымдық бағдарлар сарапталды;

жетінші нәтижеде діни білім мен ағартушылық жұмыстары діни экстремизмнің болдырмау үшін қолданылуы керектігін және діни білім беру тәжірибелерінің сапалы бағдарламасын қалыптастыруға күш-жігер жұмсау қажеттігі дәлелденген.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері зерттеудің әр тарауында жасалған талдаулардан туындап, бір-бірімен логикалық байланыста құрастырылған. Олар түйінделе отырып, жаңашыл ғылыми тұжырымдамалар жасалған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже ғылыми талдаулар арқылы тиісті қорытындылармен негізделген. Діни білім берудің плюралдық және толеранттық сипатының постмодерн заманындағы ерекшеліктеріне сараптама жүргізілді. Оларды жан-жақты талдау мақсатында теориялық-әдістемелік жұмыстар, постмодернист ғалымдардың ғылыми әдебиеттері мен қайнаркөздер қарастырылған.

Екінші ғылыми нәтижеде діни білім беру феноменін объективті тарихи қайта құруға ғылыми түйіндеме жасалды. Қоғамдағы діндарлық пен зайырлықтың тепе-теңдігін сақтай отырып діни білім беру жүйесін құрастыру жолдары мен мүмкіндігі анықталды.

Үшінші ғылыми нәтиже жан-жақты айқындалған. Діни білім берудің дискурстары қарастырылып, болмысындағы рухани-өнегелік мәні мен мазмұны түйінделді.

Төртінші ғылыми нәтижеде қазақстандық көпмәдениетті, плюралды ортадағы діни білім берудің табиғаты мен болмысы ғылыми еңбектер мен ресми бағдарламалық құжаттарды қарастыру арқылы дәйектелді.

Бесінші ғылыми нәтижеде постмодернизм дәуіріндегі діни білім беру үдерісінің ерекше және әртарапты дамуын анықтау мақсатында Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білім беру тәжірибелерін салыстырмалы талдау арқылы ізденуші зайырлы мемлекеттегі діни білім жүйесінің барынша ұтымды үлгісін анықтай алды.

Алтыншы ғылыми нәтиже ғылыми талдаулар арқылы анықталған. Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білімнің қазіргі сипатын, күйін айқындау арқылы діни білім беру жүйесіндегі дүниетанымдық бағдарлар талданды.

Жетінші ғылыми нәтиже де ғылыми тұрғыдан дәлелдермен жазылған. Теріс ағымдарға азаматтардың енуін, діни радикализмнің алдын алу үшін діни білім беру тиімді шешім болатындығы анықталды. Себебі білім арқылы халықтың діни сауаттылығы, кәсібилігі, дүниетанымы кеңейеді.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа. Діни білім берудің постмодерн кезеңіндегі плюралистік қыры жан-жақты талданып, оның тәжірибелік маңызына түсініктеме берілді.

Екінші ғылыми нәтиже салыстырмалы түрде жаңа. Діндарлық пен зайырлылықтың органикалық теңгерімін онтологиялық тұрғыдан ашу жолында білім беру құбылысын объективті тарихи қайта құру турасында түйіндеме ұсынылып, діни білім беру құбылысын зерттеуде жаңа ғылыми көзқарас қалыптастыруға қадам жасалды.

Үшінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа болып табылады. Діни білім берудің тәрбиелік мәні айқындалып, тұлға қалыптастырудағы діни білімнің рөлі анықталды.

Төртінші ғылыми нәтиже салыстырмалы түрде жаңа. Қазақстандық көпдінді қоғамдағы діни білім берудің ерекше бірегейлігі анықталып, сонымен қатар ислами білім жүйесінің мүмкіндігі мен бүгінгі таңдағы сипатына сараптама жасалды.

Бесінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа. Постмодерн дәуіріндегі діни білім үрдістерінің ерекше әрі әмбебап жетілу жолын белгілеу мақсатында Қазақстан мен АҚШ-тағы діни-ағартушылық тәжірибеге салыстырмалы талдау жасалды; екі елдің басым тұстары мен әлсіз жақтары қарастырылды.

Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. Діни білім беру үдерісідегі дүниетанымдық, ділдік ерекшеліктерді саралау мақсатында Қазақстан мен АҚШ-тағы діни білімнің орны мен беделі, сонымен қатар бұл мемлекеттердің жүйесіндегі ұқсас тұстар мен өзгешеліктер анықталды.

Жетінші ғылыми нәтиже салыстырмалы тұрғыда жаңа. Діни білім діни радикализм мен фундаментализмнің алдын-алу үрдісінде қолдану қажеттігі, теріс діни ағымдармен күресуде діни білім беру негізгі қадамдардың бірі ретінде бағалану керектігі дәлелденді.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Ізденуші Айкерім Алтайқызы «діни білім беру феномені» ұғымына теориялық және тәжірибелік түсініктеме бере алған. Мәмілегерлік қарым-қатынас пен өркениетаралық байланыс, жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін білім алушылардың бойында қалыптастыру үшін білім ордаларында діни мәдениет пен діни тәжірибелердің кейбір элементтерін қолдану арқылы американдық тәжірибені қолдану мүмкіндіктеріне сараптама жасалды. Бұл ізденуші атап өткендей, мультимәдени білім беру теориясын жетілдіруге әсер ете алады.

Сонымен қатар исламтану және дінтану мамандықтары бойынша арнайы курстарды дайындауда ғылыми материал ретінде қолдануға болады. Зерттеу жұмысында Қазақстандағы дінге қатысты саясатты жетілдіруде мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар үшін тәжірибелік кеңестер қамтылған.

Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертациялық зерттеу жұмыстың нәтижелері **10 ғылыми мақалада** көрініс тапты: соның ішінде, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті ұсынған философия, саясаттану, мәдениеттану, тарих, экономика, гуманитарлық пәндер бойынша диссертацияның негізгі қорытындыларын жариялауға арналған **арнайы журналдарда – 4;** шетелдік және отандық республикалық және халықаралық ғылыми **конференциялардың жинағында – 5;** Scopus базасында индекстелетін нөлдік емес **импакт-факторы бар журналда – 1.** Сонымен қатар ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтындағы қызмет аясында ұжымдық монографияда 1- тарау жарық көрген.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Зерттеу барысында алынған ғылыми-тәжірибелік нәтижелер дінтану ғылымының сұранысы деңгейінде. Яғни, салыстырмалы зерттеу бойынша діннің әлеуметтік негіздегі маңыздылығы ескеріліп, болашақта осы сала мамандарының жұмысына қажеттілігі анықталған. А. Алтайқызының диссертациялық зерттеу жұмысы ғылыми тілде жазыла отырып, бір-бірімен сәтті байланысқан. Дегенмен, жұмыста бірқатар кемшіліктер кездеседі. Діннің қоғамдағы атқаратын функцияларының маңыздылығы екі ел арасындағы тәжірибелермен көрініс бөлімінде ғылыми негіз жетіліксіз.

Әрбір тарауды айқындайтын қорытынды ой-пікір толықтырылса. Сонымен қатар, еліміздегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясындағы діни мәселелерге байланысты атқарылған іс-шараларға тоқталып кеткен жөн.

Алайда, қарастырылып отырған зерттеу жұмысы дінтану мамандығы бойынша орындалғандықтан, бұл кемшілік ретінде емес, докторанттың ізденістеріне байланысты жасалған ұсыныс деп қабылданылуы қажет.

Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертант А. Алтайқызының қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу жұмысы ғылыми жағынан маңызды болып табылады. Диссертация алға қойылған мақсаттарға жетіп, толықтай аяқталған. Ізденуші ғылыми түйіндемелері мен тұжырымдарын жазу барысында ғылыми әдістемені дұрыс қолдана білген, жоғарғы кәсіби білімділігі мен біліктілігін байқатты. А. Алтайқызының диссертациялық еңбегі қазақстандық дінтану, оның ішінде исламтану және мәдениеттану салаларына үлес қосып, дамытуға ат салысады деген ойдамын.

А. Алтайқызының «Постмодерн дәуіріндегі діни білім беру феномені: Қазақстан және АҚШ тәжірибесі» тақырыбындағы зерттеу жұмысының мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі Комитеттің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2-ші бөлімінің талаптарына сәйкес орындалған.

Ғылымаралық байланысты пайдалану арқылы халықтар арасындағы бірлік мағанасын жан-жақты негіздеді, мәселені шешудің жолдарын

айқындауға тырысты. Жалпы алғанда жұмыс құрылымы, қажетті ғылыми ақпараттың жаинақталуы, талдануы, мәселелердің негізделуі, қорытындалуы жағынан докторлық диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сай. Автор бұл зерттеуінде тарихи жүйелілік, салыстырмалы және сараптамалық зерттеу әдістері қолдана отырып, «Мәңгілік ел» идеясын, ұлттық, жалпыадамзаттық, жалпықазақстандық құндылықтардың қалыптасуы мен дамуын зерделеуге ұмтылады.

Қорытындылай келе, осы зерттеу жұмысының авторы Айкерім Алтайқызының «6D020600 - Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми сын-пікір беруші:
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің доценті,
философия ғылымдарының кандидаты,
ҚР ПҒА корр.-мүшесі Ш.Қ.Абеуова

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ
НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ

Абай атындағы ҚазҰПУ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ
НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ
КазНПУ имени Абая